



Газет екі айда бір рет шығады

№ 1. қазан 2023 жыл

Сәкен - біртуар дарынның әдеби әлемі

Газет 2019 жылдың
01 наурызынан
шыға бастады

Сейфуллин Сәкен (Садуақас) (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалаңды жазушысы, дарынды драматург. Білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткер. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл.



Жай оғындай жарқылдап

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы), Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Ауыл молдасынан 3 жыл оқып, арабша хат танып, қисса - хикаяны өзі оқи алатын деңгейге жеткеннен кейін, ата-анасы болашақ ақынды 1905 жылы орысша оқып үйрену үшін Нıldіге жібереді. Тоғыз жасқа енді толған Сәкен мұнда бір орыстың сиырын бағып, сол үйдің әртүрлі жұмысын істей жүріп, бір жыл ішінде орысша тіл үйренеді. Содан кейін Нıldідегі орыс-қазақ Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде қалалық үш класты училищеде оқиды. 1914 жылы қазақ жастарының «Бірлік» атты мәдени және білім беру қоғамын құруға атсалысты. Тура сол уақытта «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағы жарияланды. 1917 жылы ол Ақмолага келеді. Мұнда Сәкен Сейфуллин «Жас қазақ»

салси және мәдени — әлеуметтік қоғамын құрады. 1918 жылы сәуірде «Жас қазақ» марсель есаасын жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесаның беташар қойылымын көрсетеді. 1920 жылы мамырда атқару комитеті төрағасының орынбасары және өкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасы жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтайы съезі делегаты болып қалыптасқан. «Еңбекші Қазақ» газетінің редакторы, халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы, Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылым орталығының төрағасы, Қазақстан пролетарлар жазушылары ассоциациясының басшысы, БК(б) П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі. Қызылордадағы халық ағарту институтының директоры, «Жыл құсы» альманағы, «Жаңа әдебиет» журналының басшысы, қазақ мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметтерін атқарған.

Дауылпаз қанатынан төгілген жырлар

Осы кезде жаңа өмір жолында күреске шақырған «Асау тұрпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген. С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, даманың ішкі сөзімін, күйін суреттейді. «Жұбату» әңгімесі — Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. Жазушының шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылған. Ол 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онжүздігіне қатысқан қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгігі қарсы күресін «Тар жол, тайпақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды. Сәкен қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. С.Сейфуллин 1938жылы қутын—сүргінге ұшырап, Алматыда атылды. 1958 жылы ақталған.

Бұл шығарылымда

1-БЕТ

- ◆ «Сәкен ақиқаты»
Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл
- ◆ Жай оғындай жарқылдап
- ◆ Дауылпаз қанатынан төгілген жырлар

2-БЕТ

- ◆ «Тіл—кемел болашақ тұңғыр»
- ◆ Абай облыстық байқауының жүлдегерлері
- ◆ «Біз және спорт» спорт жетістіктері

3-БЕТ

- ◆ «Қарттарым - асыл қазынам»
- ◆ «Ұстаздар мектеп жүрегі»

4-БЕТ



Адам—керуен,

өмір—жол

Тіл – кемел болашақ тұғыры



«Тіл - кемел болашақ тұғыры» тақырыбындағы іс-шаралар жоспары аясында алаштың аяулы арысы-Ахмет Байтұрсыновқа арналған «Ұлттың ұлы ұстазы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтті. Аталған шарада оқушылар ызыңдаған масадай ұшып, надандық тұңғиығынан көз ашпай тұрған қазақ халқын оятқысы келген Ахмет өлеңдері мен аудармаларын талдап, шығармаларындағы ақынның надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді тілге тиек еткенін айтып, бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, құндылығын аша білді.



«Абай мұрасы- халық қазынасы» XVII Абай оқулары облыстық байқауының «Абай-Ұлы ақын» арнау номинациясына қатысқаны үшін 10 «А»- сынып оқушылары Асылзат Каримбек және Қарлығаш Турағұл алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстан халқы тілдер күні мерекесіне орай «Тіл-кемел болашақ тағдыры» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында Ұлттық ойындардан жарыс

«Қарттарым - асыл қазынам»



Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі

тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді. Қарттарды құрметтейтін олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтымен орындамайтын әдептілік кішіпейілділік сергек сезімталдық көрсетпейтін бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр? Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата – анасын ардақ тұтып өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған Халқымыз қашанда дария көңіл, кең кеуде қарттарымен мақтана білген. Ақсақалы мен ақ шашты ананы қадірлегені соншалық, ақ киізге орап, көтерген екен. Бүгінде біздің аталарымыз бен аналарымыз да сондай құрметке лайық. Қарт кісіні құт – береке деп танысақ ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата – ана әр кезде де бақытты.

1 Қазан- Қарттар күні мерекесі қарсаңында "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында гимназия мектеп парламенті "Қамқорлық" фракциясы және "Еріктілер клубы" мүшелерінің ұйымдастыруымен қаламызда Альпенистов 33Б көшесінде орналасқан "Забота" қарттар үйіне барып қарттарды мерекемен құттықтап қайтты. Қайырымдылық іс-шараға белсене қатысып, қарттарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



*Бар ізгілік тек білімнен алынар,
Білімнен аспанға жол салынар.*

Жүсіп Баласағұн

*«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан»,
«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден
балаға»*

Абай Құнанбаев

«Ұстаз – ұлы есім»

Мұхтар Әуезов



Ұстаздар - мектеп жүрегі

Құрметті ұстаздар қауымы! Сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»... Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

***Т.Б. «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
11- сынып оқушылары***



4-6 сынып оқушылары арасындағы "CLEVER 2023" XIII облыстық олимпиадасының облыстық кезеңіне математика пәнінен 5 "Б" сынып оқушысы Қаракесекова Әсия қатысады. Әсияға сәттілік тілейміз !!!

9-сынып оқушысы, медсынып мүшесі Сайлауов Жансерик "Ағзаның қышқылдық-сілтілік теңгерімін көкөніс-жемістер арқылы реттеу" тақырыбындағы зерттеу жұмысын облыстық "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт" атты тамыз конференциясының көрмесінде қорғап, зерттеу нәтижелерімен, ассоциациялық өнімдерімен ("Химиялық рН сағат" және "Жарнамалық флаерлермен") бөлісті.



4-6 сынып оқушылары үшін облыстық «CLEVER» олимпиадасының қалалық (іріктеу) кезеңі 2023 жылдың 18 қыркүйек күні өтті.

1. Қазақ тілі, 4 сынып Дәлелхан Нұрасыл
2. Орыс тілі 5 сынып Султанбаев Арыстан
3. Математика, 5 сынып Қаракесекова Әсия, 6 сынып Әлімжан Әмина Олимпиада қорытындысы бойынша Қаракесекова Әсия математика пәнінен жоғары балл жинап, облыстық кезеңге өтсе, Дәлелхан Нұрасыл қазақ тілі пәнінен жүлделі 3 орынды иеленді.



Пересланное сообщение



2022- 2023 жылғы «Алтын сақа» облыстық олимпиада жүлдегерлері 4 - «Б» сынып оқушылары Нұрланбек Нұрназар, Дәлелхан Нұрасыл Шеризат және «Бастау» математикалық олимпиадасының жүлдегері Нұрланұлы Нұрназар



Меншік иесі
С.Сейфуллин
атындағы
гимназиясы» КММ
Бас директор-
С.О.Жунусова

Бас
директордың
шығармашылық
жөніндегі
Орынбасары-
Ш.Ө.Алиева

Бас редактор-
А.К.Баекина
Тілшілер
Ү.И.Макатова

Көркемдеуші
дизайнер -
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
М.Исмаилова.

Корректорлар-
Жас Ұлан,
мектеп
парламенті

Мекен – жайымыз
Ерубаета 43 А
e-mai: sch 92 @kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(7212)479239